



## VIII ШАҚЫРЫЛҒАН ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ II СЕССИЯСЫНДА



2023-жылғы 21-сәуір күні қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті 2 сессиясы болып өтті. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясына қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейскеев, Қоғамдық кеңес және аумақтық кеңес төрағалары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілі, және есеп беретін мекеме басшылары қатысты. VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті 2 сессиясына сайланған 11 депутаттың біреуі белгілі себеппен қатыса алмауына байланысты басым дауыспен сессия ашық деп жарияланды.

Кезекті сессияны жүргізіп отырған Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев сессияның күн тәртібімен депутаттарды және қатысушыларды таныстырды. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2022-жылғы бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі (баяндаушы: Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы Е.Джайков).

2. Приозерск қаласында Қазақстан Республикасы діни

экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижесі (баяндаушы: Приозерск қаласы әкім аппаратының терроризмге қарсы комиссия және төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы А.Баекешова);

3. Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы (баяндаушы: «Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Жүсіпов);

4. Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмысы туралы (баяндаушы: «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Жаманбаев);

5. Приозерск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы №19/198 «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешімінің күші

жойылды деп тану туралы (баяндаушы: мәслихат аппаратының басшысы Ш.Мақышева);

6. «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы (баяндаушы: мәслихат аппаратының басшысы Ш.Мақышева);

7. Тұрғын үй комиссиясының құрамын бекіту туралы (баяндаушы: «Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. Б.Майбасов);

8. Жер комиссиясының құрамын бекіту туралы (баяндаушы: Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы С.Бұқпантаев);

9. Приозерск қалалық мәслихатының 2022 жылғы 03 қарашадағы № 21/167 «Тұрақты жұмыс істейтін бюджеттік комиссия құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы (баяндаушы: Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Р.Ахметова);

Сессия регламенті бекітілгеннен кейін кезек баяндамашыларға берілді.

Сессияда қаралуға тиіс «Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмысы туралы» мәселе «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Жаманбаевтың есебі дайын болмауына байланысты бұл мәселе қалалық мәслихаттың келесі сессиясына қаралу үшін қалдырылды. Ал сессияда қаралуға ұсынылған басқа мәселелер бойынша жоғарыда аты аталған баяндамашылар тарапынан есептері тыңдалды.

Сонымен қатар бірінші мәселеге қатысты тұрақты комиссиялар-

дың бірлескен отырысымен қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында толығымен қарастырылып, талқыланғандықтан осы мәселе бойынша қорытынды жасау үшін комиссия төрағасы Мансур Талғатович Ахметов баяндама жасады.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында толығымен қарастырылып, талқыланған мәселе бойынша қорытынды жасау үшін комиссия төрағасы Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев сөз сөйледі.

Келесі мәселе – «Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы» «Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ахан Жармаханұлы Жүсіпов баяндама жасады.

Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысымен қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында толығымен қарастырылып, талқыланған мәселе бойынша қорытынды жасау үшін комиссия мүшесі Бахтияр Сәкенұлы Сатыбалдинге сөз берілді.

Приозерск VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті 2 сессиясында қаралған өзге де мәселелер бойынша қаулы қабылдады.

Сессия соңында қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейскеев сессия жұмысына оң баға беріп, ізгі тілегін білдірді.

Осымен кезекті сессия өз жұмысын аяқтады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.

## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» ММ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі сағат 17.00-ден 18.00 дейін	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	5-32-99 5-33-81

### ГРАФИК ПРИЕМА ГРАЖДАН

Наименование Государственного органа	Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан	Должность лица, проводящего прием граждан	Дата и время приема	Местонахождение государственного органа	Контактный телефон
ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства» города Приозерск	Жусипов Ахан Жармаханович	Руководитель отдела	Среда с 17.00 по 18.00	Город Приозерск, ул. Балхашская 5	5-32-99 5-33-81

## ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Бүгінде дін тақырыбы қоғамымыздағы күрделі мәселелердің біріне айналып отыр. Дін арқылы елді біріктіруге де, бұзуға да болады. Қазіргі таңда біріктіруден гөрі бұзу жағы көп көрініс тауып жатқан сияқты. Осыған орай діни экстремизм, діни терроризм деген атаулар жиі аталуда. Жалпы «дін» сөзінен кейін экстремизм, терроризм деген тіркестер қосу ақылға сыйымсыз нәрселер. Өйткені дін – адамға адам болуды, ұлттарға бірлік пен тұтастықта өмір сүруді үйретеді, жауапкершілік түсінігін, құлшылық білімін және мінез құлықты қалыптастырады. Дін отбасы, мемлекет және қоғам құрылымын мықты негіздермен қамтамасыз етеді. Дін жеке адам мен қоғам үшін қажет.

Тәрбие – адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық әлеуметтік тәжірибесін жас ұрпақтың бойына сіңіру, аға ұрпақ пен жас ұрпақтың өзара бір-бірімен әрекеттесу үрдісі. Мінез-құлықты қалыптастыру үшін тәрбие үдерісін ұлттық таным негіздерімен үйлестіре жүзеге асыру керек.

Қазіргі таңда біздің қоғамда әлеуметтік топтардың ішінде ең әлсіз буын – жастар. Олар сенгіш, еліктегіш, сезімге тез берілгіш. Сондықтан болар дін атын жамылған немесе дәстүрлі емес ағымдардың жетегінде кетуі орын алып жатады. Ал мемлекеттің болашағы жастар, жастарсыз мемлекеттің болашағын елестету қиын. Кешегі «кенестік» бүгінгі бос кеңістіктерінде кей-

бір сыртқы күштердің көмегіне сүйенген топтар, ертең еліне қызмет ететін және оны қорғайтын жастарымызға түрлі адамға жат, қоғамға теріс сенімдермен мәдениеттерді тықпалау арқылы олардың саналарын улауда. Ондай топтарды немесе ағымдарды дін деп атауға болмайды. Олар дінді саяси немесе қаржы көзін табу мақсатында пайдаланады.

Жалпы, ислам тәрбиесі арқылы қоғамдағы келеңсіз жағдайлардан арылуға болады. Оны тал бесіктен бастау керек. Ал оны отбасында қалыптастырған жөн. Ұлттық идеология да отбасыдан басталады. Қарапайым адамдардың өз қарым-қатынастарында да оны қолдану аса қажет. Мәселен, ислам дініндегі сәлемдесудің өзі үлкен тәрбие.

Отбасы ұғымы тек ұрпақ жалғастырумен өлшенбейді. Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлігі, ұлттың бүгінгі мен ертеңі. Отбасылардың бірлесуінен ұлт пайда болады. Ұлт үшін отбасының маңызы өте зор. Өйткені, ұлттың кемелденуі – отбасынан.

Балалар – адам өмірінің қуанышы, олар өмірді мағыналы етеді әрі солардың арқасында адам игілік пен жақсылыққа кенеледі. Алайда бала бақыт көзіне айналу үшін оларды дұрыс тәрбиелеп, үлгілі азамат етіп қалыптастыру қажет болады. Егер адамның балалары жақсы болса ол жер бетіндегі ең бақытты адам бола алады.

**Ермагамбетов А.Е.**

**Приозерск қалалық АТТ мүшесі**

## «АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»



«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ» қоғамдық бірлестігі екінші дүниежүзілік соғысында хабар-ошарсыз кеткен Аталарымызды іздестіріп, жерленген жерлерін белгілеу үшін тізімдерін қалыптастырады.

Өтініш беру үшін бізге келесі мәліметтер керек.  
(барлық сұрақтарға жауап берулеріңізді өтінеміз)

1. Атаңыздың аты-жөні.
2. Туған жылы (шамамен).
3. Қайдан шақырылған (ауыл, село, аудан, облыс).
4. Әйелінің, ата-анасының, аға-інілеріңіз, апа-қарындастарының аты-жөнін білсеңіздер, жазыңыз. Әрбір аты маңызды, сонда іздестіру оңай (көптеген қазақ, түркі тегі, аттары дұрыс жазылмаған, бұрмаланған).

5. Ресейдің мұрағаттарында іздедіңіздер ме? Ресейлік «ОБД Мемориал» сайтында деректер бар ма? Егер мұрағаттардан, Боздақтар Кітаптарынан, сайттардан мәліметтер бар болса, бізге жіберу керек.

**6. Іздеушінің аты-жөні:** туыстық дәрежесі; мекен-жайы; Кері байланыс үшін 1-2 телефон нөмірлері; Электрондық пошта адресі.

Барлық сұрақтарға толығырақ жауап берулеріңізді өтінеміз.

### 7. Іздеу мақсатыңыз:

- жерленген жерін анықтау;
- сарбаздың тағдырын анықтау;
- ұрыс жолын анықтау.

### Өтініш қабылдаушылар:

Әлия Сағымбаева, 8-701-999-78-20, ватсапта

Райгуль Мушанова, +7-776-828-45-35 ватсапта

Марфуза Сулейменова, +7-776-828-45-34 ватсапта

Барлық сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз

Өтінішті осы жерде беріңіз --> <https://form.ata-amanaty.kz>

өтінішті [ata-amanaty.kz](https://www.facebook.com/groups/ata-amanaty/) сайтында қалдыра аласыз:

Фейсбукке <https://www.facebook.com/groups/ata-amanaty/> сілтемесі арқылы қосылыңыз:

- Біздің <https://www.instagram.com/ata.amanaty/?hl=ru> инстаграмға жазылыңыз.





## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАРСЫ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ағымдағы жылдың 27 наурыз айынан бастап, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы мемлекеттік органдары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізіп жатқандығын ескертеміз.

Аталмыш сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмысы 10 мамыр айына дейін жалғасады. Ішкі талдау жергілікті атқарушы органдардың құқық бұзушылыққа әкеп соғуы мүмкін тәуекелдерді жою және халықпен бизнеске қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Аталған ішкі талдау бойынша ұсыныстар немесе шағымдар болса **8 (71039)5-41-97** телефон нөміріне хабарласу арқылы немесе **abdi\_dk@mail.ru** электрондық поштасына хат жолдасаңыздар болады.

Напоминаем, что с 27 марта текущего года исполнительными государственными органами финансируемыми из местного бюджета, проводится внутренний анализ коррупционных рисков.

Работа по внутреннему анализу коррупционных рисков продлится до 10 мая. Внутренний анализ направлен на устранение коррупционных рисков в сфере государственных органов которые могут привести к правонарушениям, а также для решения актуальных вопросов касаясь населения и бизнеса. При наличии предложений или жалоб по данному внутреннему анализу можно обратиться по телефону **8 (71039)5-41-97** или направить письмо по электронной почте **abdi\_dk@mail.ru**.

*«Приозерск қаласы әкімі аппараты» ММ мемлекеттік - құқықтық бөлімінің басшысы Д.К. Абдиқаримов*

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АДАЛ ЕҢБЕК

Мемлекеттік қызмет... Былайша қарапайым болып көрінетін сөздің жауапкершілігі мен атқаратын қызметі өте қомақты болып келеді. «Халықтың қарғысын алма, алғысын ал» деген сөз бар қазақта. Мемлекеттік қызметтің басты қағидасы халыққа адал қызмет көрсету болып табылады. Аталмыш салада қызмет етіп жүрген әрбір тұлға еліміздің мүддесі үшін адал еңбектің маңыздылығын ескеріп, сезінуі қажет. Сол сияқты, мемлекеттік қызметкер өз елінің ұлтжанды, жанашыр азаматы болғаны маңызды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен атқару барысында заңдылық, патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің бір тұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы жоғары болуы шарт. Дәл осы сәтте аталмыш жұмысқа деген жауапкершілік көрінеді. Осы орайда, мен мемлекеттік қызметкер көзімен емес, қарапайым халық көзімен талдасам, дәлірек айтқанда, мысал келтіре кетсем...

Елімізде мемлекеттік қызметті атқарушылар қай салада болмасын жауапкершілігі мол, тұлғасы кемелденген мамандар екендігін білеміз. Үнемі тиянақты еңбек пен ыждағаттылықтың бейнесін танытатын мамандар өз ісінің көркем үлгісін танытатындай деп айтсам артық емес.

Бізде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары және мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрыстарының қалыпта-

ры регламенттелген мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бар. Істің басы-қасында жүрген әрбір тұлға сондағы талаптарды ұстанса, еліміздің іргесі биік болады. Мемлекеттік қызметшіге қойылар талап қатаң, оған сыншы да мол. Әдепті, сабырлы да шыншыл, әрі ұлтжанды қасиеттері мол азаматтардың мемлекеттік қызметті адал атқаруы еліміздің өркендеуіне зор үлес қосады, халық арасында мемлекеттік қызметшінің беделі нығайып, оған деген халықтың сенімі артады. Әкімшілікте жұмыс жасайтындар ғана мемлекеттік қызметші деген түсінік болмауы керек... Дәрігер, мұғалім, тіпті еден жуушы болсын, халықпен бірге жүргендіктен әрқайсымыз жұмысымызға адал болсақ, оны тұтынушы қарапайым халық бақытты. Бірақ осылардың ішінде «мемлекеттік қызметші бір сағат жоғары» болулары керек. Себебі олар қоғамдық пікірді есепке алады және қоғамның басты өндіруші күші. Жұрт оларға сенім артады. Ал сол сенімді ақтау үшін, мемлекет қызметші тыңдай және сөйлей білуі қажет және ең бастысы адал болуы керек. Сонда ғана Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуында нақты бір жетістікке жетеді. Мәртебесі артып, халқы биік белестерді бағындырады. Әрбір жетістікке жеткен жеке тұлғаның артында мықты мемлекет болатынын естен шығармасақ екен.

*Мемлекеттік қызмет істері  
Агенттігінің  
Қарағанды облысындағы Әдеп  
жөніндегі кеңестің мүшесі  
А.Т.Асқаров*

## «КІТАП ШОУ-2023» КІТАП ФЕСТИВАЛЬ

(23 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КІТАП ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ КҮНІ)



Кітап – нәзік те, тұнық әлем! «Әлем кітап беттеріне жазылу үшін жаратылған» — деп, ұлы ғұлама айтқандай, адамзат тарихының өзі – кітап.

Сәуірдің жиырма үшінші жұлдызы – күллі ғаламның кітапсүйер халқы мен осы сала қызметкерлері үшін мереке және әлем әдебиеті үшін символикалық дата. 1995 жылдың 16-қарашасында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 28 сессиясында мереке туралы Қарар қабылданып, 23 сәуір - «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні» болып жарияланды. Халықаралық кітап және авторлық құқық күні – жалпы кітап өндірісінің, әдебиеттің, ғылымның айналасында жүрген азаматтардың

мерекесі. Олардың еңбегінің халықаралық деңгейде әспеттелетін күні. Әлбетте, кітап ісі – қажырлы еңбек пен үздіксіз әрекетті қажет ететін сала.

Жыл сайын Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай кітапханаларда түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Осы орайда «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «КІТАП шоу-2023» фестивалін өткізді. Фестивальдің мақсаты: «2023 жыл-Түркі өркениетінің даму жылы» деп жариялануына орай тамыры терең түркі өркениетін жаңғырту жолында, түбі бір түркі халықтарының өткен тарихы, тілі, әдебиеті мен мәдениетін насихаттау.

Кітапхана қызметкерлері көрме ұйымдастырып, көптеген тың кітаптармен таныстырып, кітаптың қасиетін, ең бастысы кітапты сүю керек екенін оқырман қауымға кеңінен түсіндірді.

Шара барысында балалар бөлімі «Жаңбырлы кітап» және «Библиокафе» кітап көрмелері құрылып, оқушылар арасында әр-түрлі викториналық сұрақтарға жауап беру, сурет арқылы ертегі кейіпкерлерін анықтау, үзінді оқып, шығарманың аты мен авторын табу, мақал-мәтелдерді жалғастыру сияқты қызықты ойындар ұйымдастырды.

Кітапхананың «Білім» орталығында 06708 әскери бөлім сарбаздарының және мектеп оқушыларының қатысуымен «Даналық ағашы» және «Не?Қайда?Қашан?» интеллектуалды ойындар сынды қызықты сайыстар өткізілді. Сондай-ақ, «Жаңа кітаппен жүздесу» кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге кітапсүйер қауымды қорға келіп түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында түрлі саладағы әдебиеттер қойылды.

Оқу бөлімінде «Поэзия Party» салонында кітап тарихына шолу жасап, ақын-жазушылардың өлеңдерін оқу

арқылы әдебиетке жақын болуға, кітап оқуға үндеу, адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, сонымен қатар «кітап – білім бұлағы, ал білім — өмір шырағы» деген нақыл сөздің өмірден алар орнын бағындырар белестерін оқырман бойына сіңдіру.

Мақсатымыз әлемдік шараға қатысу ғана емес, қазақстандық кітап өндірісінің дамып келе жатқанын көрсету, руханиятымызды насихаттау.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», - дейді хакім Абай он сегізінші кара сөзінде. Данышпан тізген қасиеттің барлығы осы кітаптан табылмақ.

Кітап – атадан қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Ол – мәңгілікке сапар шеккен ақыл ескерткіші. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Ендеше, кітап – білімді қару еткен жаңа әлемдегі жаңа еліміздің озық та өнерлі өкілі болайық!

*«Приозерск қалалық  
кітапханасы» КММ  
әдіскері Козыгельдиева Ш.У.*



## СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Қазіргі кезде сот жүйесінде болып жатқан жаңалықтар өте көп. Небір жетістіктерге жетіп жатырмыз. Солардың бірі – аудио-бейне жүйесі арқылы сот отырысын өткізу. ҚР ҚПК 347-1-ші бабына сәйкес, сот отырысы барысын түсіріп алу аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Сот отырысын аудио-, бейнежазба құралдармен түсіріп алуды сот отырысының хатшысы жүзеге асырады.

Істі талқылауды аудио-, бейнежазба құралдарын пайдалану арқылы түсіріп алған жағдайда, сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама жасайды.

Бұл өз кезегінде жаңа технологиялар енгізіліп, көптеген кемшіліктердің жойылуына алып келеді.

«Сот кабинеті» бағдарламасы ен-

гізіліп, үйден шықпай сот органына арыздарды және тағы басқа құжаттарды өткізуге қол жеткізілді. Электрондық құжаттарды беру сервисін пайдаланушы «Сот кабинетіне авторизациялауды өткеннен кейін: талап арызбен; сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы талап арызбен; сот отырысының хаттамасына ескертумен; өтінішпен сотқа жүгіне алады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде сот жүйесі үлкен қадамдармен дамып келе жатқанын көруге болады, ол өз кезегінде іс жүргізудің жеңілдеуіне алып келеді.

*Приозерск қалалық сотының  
бас маманы сот  
отырысының хатшысы  
Куртибаева Ж.Н.*

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Жемқорлық мемлекет пен қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Бұл дерттің жаппай жойылмау жолын халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті

қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Патриотизм, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп біліп, жемқорлыққа жол бермейік!

*Приозерск қаласының  
санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқармасы*

## ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ.

*(ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА  
105 ЖЫЛ)*



Отан қорғау жолында ерлік көрсетуде қазақтың ер жүрек азаматтары ешқашан аянып қалған емес. Әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде толарсақтан қан кешкен қазақ сарбаздары өздері әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен жауынгер, ер жүрек көшпенді елдің ұрпақтары екенін сан мәрте дәлелдеп бақты. Сұрапыл соғыс жылдары от кешіп, ерлік көрсеткен қазақтың аяулы ұлдарының бірі – Қасым Қайсенов. Қазақтың қайсар азаматы 1918 жылы сәуір айының 23 күні Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Асу-бұлақ аулында кедей шаруа отбасында туған.

Туған ауылында жеті жылдық мектепті бітіргеннен соң

Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түсіп оны 1938 жылы бітіріп шығады. Алғыр жас түлек оқуды бітіре салысымен сол жылы техникум маңынан ашылған саяси ағарту курсына басшылық етуге тағайындалады. 1938-39 жылдары Павлодар облыстық оқу бөлімінде инспекторлық қызмет атқарады. Ал 1939 жылы әскери-барлаушылар мектебіне қабылданып ол оқу орнын 1941 жылдың күзінде бітіреді. Бұл уақытта фашист басқыншылары Отанымыздың батыстағы көп жерлерін жаулап алып қойған болатын.

1995 жылы 24 сәуірде оған «Халық қаһарманы» атағы және армия полковнигі деген шен

берілді. 2003 жылы Халықаралық

А. Фадеев атындағы сыйлықтың, жазушылар одағының Б. Момышұлы атындағы әдеби сыйлығының иегері болды.

2023 жылдың 18 сәуір күні кітапхананың «Білім» орталығында Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, қазақстандық жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай «Халық қаһарманы» атты әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар мен әскери қызметшілерге Қасым Қайсенов жайлы тереңірек таныстыру. Батыр-

дың ерлік істерін ұрпаққа үлгі ету., отансүйгіштікке, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Іс-шараға 06708 әскери бөлімдерінің мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілер мен «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері қатысты. Әдеби кеште оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы Г.Тельтаева Ұлы Отан соғысының қатысушысы, халық батыры Қасым Қайсеновтың өмірбаяны туралы әңгімелеп берді. Қасым Қайсеновтың жетістіктері Ұлы Отан соғысындағы Жеңістен кейін аяқталмады. Ол өзінің шығармашылығымен қазақтың данқын шығаруда және жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуде қосқан үлесі зор. Әдеби кеште оқырмандар жазушы Қ.Қайсеновтің «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Соғыстың соңғы зардабы» атты шығармалары туралы пікір алмасты. Іс-шара соңында «Халық қаһарманы» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, бейнеролик көрсетілді. Әдеби кеш өз деңгейінде өтіп, қатысушылар өз Отанының патриоты екендерін жүрегімен сезінді.

*«Приозерск қалалық  
кітапханасы»кмм  
оқу бөлімінің кітапханашысы  
Ерболған Жұлдыз  
Ерболғанқызы*



## «АЙЫР ТІЛДІ ӘЙТЕКЕ»

ӘЙТЕКЕ БИДІҢ 380 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ



Әйтеке бидің туғанына 380 жыл толуына орай бүгінгі таңда Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Нұрата ауданында бабаның мерейтойын атап өту үшін қызу дайындық жүргені туралы хабар келді. Оған қазақстандық делегаттар қатысатын болады. Ұлы баба туралы деректерді, өмір тарихы мен қоғамдағы орыны туралы жас ұрпақ біліп жүруі тиіс деп ойлаймыз.

Әйтеке Байбекұлы Өзбекстандағы Қазбибі тауы, Қызылша аймағында дүниеге келген және Нұрата ауданының Сейітқұл қорымында жерленген. Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан баба Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әйтеке Қоқанға (1622 — 35) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан.

Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиді. Алайда жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған, сән-сәулетімен әйгілі «Тіллә-қари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, аспан әлемі, жағрапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Әйтеке Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға

жаттығады. Баланың он екі жасында Жалаңтөс атасы, он бес жасында Ақша атасы дүниеден озады. Әйтеке медресені бітірісімен туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел басқару істеріне араласады. Сөйтіп жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарқалпақ, құрама жұртының бас биі болды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680-жылы Салқам Жәңгірдің жасы үлкен балалары Уәлі мен Бақыны емес, кішісі Тәукені хан етіп сайлауға қазақ халқының бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Әйтеке би де айрықша ат салысты. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқты «Хан кеңесі» сайланды. Әйтеке Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Осы кезде бұрынғы «Қасым салған қасқа жолдың», «Есім салған ескі жолдың» заман өзгерісіне орай кейбір тұстарының ескіруіне байланысты жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі туды. Тәуке хан және жоғарыда аталған билердің қатысуымен 1684-жылы «Жеті жарғы» қабылданды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Солон заңымен терезесі тең бұл заңның бытыраңқы елдің басын біріктіруге, жұртымыздың әл-ауқатының артуына, ата дәстүрлеріміздің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды. «Жеті жарғыға» Әйтекенің ұсынған баптарының ішінде екеуі ғана белгілі. Ол — «Сүйек құны», «Өнер құны».

1685-жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы бір жанжал үлкен дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның есерсоқ баласы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына

дегеніме көнбеді деп әбден өшігіп алады. Бүркіт ұстап, құс салатын аңшылығы бар екен. Дегеніне көнбейтініне көзі жеткен жігіт бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйілтіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден күн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры, ел арасы «төрежақ», «қаражақ» болып екіге жарыла бастайды. Ең соңында күн сұраушылар жағы Әйтекеге келіп өтініш жасайды. Әйтеке қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз күн төлеуге келіседі. Алайда Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі күн төлеуге мәжбүр болады. Бұл Әйтекенің ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге өнерге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді.

Әйтеке шешендігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да. 1685-жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының он мың жасағына Нұрата, Қыз Бибі, Ақтау, Тамды, Кенімех төңірегіндегі алшындар мен қарақалпақтардан және құрамалардан жиналған бес мың қол әскерімен Әйтеке қарсы аттанады. Ол әуелі Қалдан-Бошақтының өз әкесінен емес, есігінде жүрген қытай құлдан туғанын бетіне басып жерге қаратады. Ізінше жан алып-жан берген соғыс басталады да, бір күнге созылады. Келесі күні Әйтекеге Самарқаннан, Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан-Бошақты негізгі жасағы қалған Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сол жылы Сайрам талқандалып, жыл сайын Күлтөбеде өтіп жүрген «Хан кеңесі» болмай қалады. Бұдан кейінгі қазақ жиыны Қарақұмда және Тәуке хан ордасын тіккен Түркістан маңында болғаны тарихтан мәлім. Қазақ сахарасына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Әйтеке би 1698-99-жылдары Түркістанда өткен үлкен екі жиында мынадай ұсыныс жасайды: Ресеймен, Қытаймен не басқа бір елдермен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксегені терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бодан елге айналдыру. Қазақ жұрты әлі де іргесі мықты ел бола алады. Өйткені қарамағындағы қарақалпақтар мен құрамаларды есептегенде, әлі өз жұртынан сексен мыңдық, қол

жинай алады. Шекара аймақтарында әскери соғыс әдістеріне үйретілген жасақтар ұстайық. Шекараға таяу ауылдарды ішкі бетке көшірейік. Мал-мүлікті аямайық. Ресейден, Қытайдан, Хиуадан және Бұқара мен Түріктерден қару-жарақты ештеп сатып алайық. Әскери әдістерге әбден жетілген тұрақты жасақ ұстау үшін керекті қаражатты төрелерден, сұлтандардан, ауқатты адамдардан жинайық. Бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. Қолбасшы Ресей, Қытай, Түрік не Еуропаның әскери өнері жетік бір елінде оқытылсын. Ол өзі шешен, батыр, көпті көрген көсем, елшілік жұмыстарды жақсы білетін адам болсын. Ол тек «Хан кеңесіне» ғана бағынатын және айрықша құқты адам болсын. Қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Өйткені төре арасы тату емес, қай - қайсысы да хандық жолында қарабастарын ойлаудан әрі аса алмайды, дейді.

Ата жұртқа келер алдында Төле би, Қазыбек би секілді үзеңгілес серіктеріне сәлем ретінде жолдаған ұзақ толғанысында Әйтеке би: «Елінен айырылған ер бақытсыз, жерінен айырылған ел бақытсыз. Құдайым ондай күнді маған көрсетпегей!» деген екен. Елім деген ердің тілегі ақ қой қашанда. Көкірегі даңғыл дана би өзі тілегеніндей елінің «ақтабан шұбырындыға» ұшырағанын көрмей, бұл жарық дүниемен хош айтысты.

Ел ішіндегі бірі орға; бірі сорға тартқан алауыздық солардың ісі дейді. Әйтекенің бұл ұсыныстары Төле, Қазыбек секілді ел басқарған билер тарапынан қолдау тапқанымен, сұлтандар мен төрелер, әскерге жиналатын мол шығынды ауырсынған байлар қарсы шығып, түрлі себептер айтылып, ақырында қабылданбайды. Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы аңыз әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі авторы беймәлім, «Әйтеке би» деген ұзақ дастан. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Әйтеке қайтыс болғаннан кейін Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Әйтекенің тікелей езінен тарайтын алтыншы-жетінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатары Өзбекстан Республикасының Науаи облысындағы Нұрата ауданында тұрады. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Әйтеке ауданы деп аталады.

Бүгінгі таңда бабаның мерейтойын лайықты өткізіп жатқан өзбек еліне, ондағы ұрпақтары мен билік орындарына ризашылығымыз бен алғысымызды білдіреміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.





Біздің қасиетті Балқаш көлінің жағасында орналасқан Приозерск (Қоржынтүбек) қаласына келіп қоныс тепкенімізге міне, ширек ғасыр уақыт болыпты. Осы мекенде дүниеге келген балалардың алды 25 жасқа толуда. Қала тұрғындарының арасында айна-көлге барып шомылмағаны жоқ шығар, сірә. Жыл санап гүлденіп, жасарып, жақсара түскен шағын қалашықтың түстігінен бой көтерген «Емдеу-сауықтыру кешеніне» еліміздің әр түкпірінен адамдар келіп, тамсанып қайтатын болды. Бұл мекенді алғаш көрген келушілер қала мен Балқаш көлінің тарихы жайлы міндетті түрде білгісі келетіні айдан анық. Сондай кезде біздің әрқайсымыз олардың сауалына нақты жауап бере аламыз ба? Балқаш көлінің көнеден келе жатқан тарихына хабарымыз бар ма? Осы сұрақтар төңірегінде осы ауқымды мақаламызда сөз қозғап, газет оқырмандарының назарын Балқаш көлі туралы тарихи деректерге аударғмыз келеді.

Балқаш көлін түйық көл деп атайды. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан. Жалпы көл аумағының табиғаты жанға қолайлы. Бұл күн сәулесі мол түсетін аймақтардың бірі. Десең те, көлдің айналасы шөлді, қуаң дала. Бұл жерлер тек Балқаш көлі арқылы ғана нәр алады. Балқаш өңірі де жан-жануарлар әлемі мен өсімдіктер әлемінің түрлілігімен, байлығымен ерекшеленеді. Деректерге сенсек, бұл жерлерде жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарына дейін жолақты жолбарыстар өмір сүрген. Ал ит тұмсығын сұға алмайтын қалың тоғайды жабайы шошқалар мекендейді. Сондай-ақ, су аңғарларынан еліктерді де, сайғақтар мен қарақұйрықтарды да кездестіруге болатын. Балқаш көлін әуелі ұшқан құстардың да тұр-түрі кездеседі. Көл шетінде бірқазанның ұялары қарайды, ал бакландардың суда сап түзеуі жүзіп жүргенін көруге болады. Көл маңайында сексеуіл, жыңғыл, жусан, қарандыз, мия, түйетікен, сасыр, шаған (сары шаған, қара шаған). Сарышаған кенті осы сары шаған өсімдігінің атауымен аталады) өсімдіктері өседі. Сондай-ақ, тораңғы және жыңғылды шағын тоғайларды көптеп кездестіруге болады. Сулы жерлердің бәрінде де қамыс, жөке, құрақтар өседі. Мұндай қоғалы жерлерді сәйкесінше, сүтқоректілер, түрлі құстар мен балықтар мекендейді. Бір қызығы, сасыр мен жусандардың арасында қылтия өскен қызғалдақтарды да аңғаруға болады және бұл үйлесімділік Балқаш даласына ерекше сән сыйлайтыны да анық.

Ал бұл кереметтердің барлығына қорған болғандай, 1000 метр биіктіктен көз салған Бектауата тау алабының салтанаты мүлдем бөлек. Біле білсеңіз, Балқаш көлі Каспий мен Арал теңіздерінен кейінгі көлемі ірі және ағыны жоқ су қоймасы болып есептеледі. Жалпы оның ұзындығы 614 шақырымға дейін созылып жатыр, ал ені кей жерлерінде 3,5 шақырымнан басталып, ал кей жерлерінде 44 шақырымға дейін жетеді. Балқаштың тереңдігіне құрық бойламайды. Ең терен жері 26 метрден асып жығылады. Күнге шағылысып жалтырап жатқан айдан көлдің жалпы аумағы 18200 шаршы шақырым, ал жекелеген тоғандарының ауданы 413 300 шақырымды құрайды. Оны Қазақстанның өзге көлдерінен бөлек

етіп көрсететін ерекшелігі – көлдің батыс және шығыс бөліктерінің минералдарының екі түрлілігінде. Мына қызықты қараңыз, Балқаштың батыс бассейнінің суы тұщы, ал шығыс бөлігінің суы ащы. Неге дейсіз ғой, бұл судың әр бөлігінің қай су қоймасынан нәр алатындығына байланысты. Балқаш ағынсыз дегеннен кейін оқырмандар тұрып қалған су ретінде елестіп отырулары да мүмкін. Шын мәнінде, Балқашқа Іле, Қаратал, Лепсі өзендері келіп құяды. Ал арагидік арнасынан асып қатты тасыған уақытта Аягөздің де суы жетіп қалады. Мына қызыққа зер салыңыз, Балқаш көлі төрт облысты, яғни Алматы, Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын тоғыстырып тұр.

Ал батысында Балқаш Бетпақдаламен шектеседі. Бетпақдаланың қаншалық суыс және тіршілік иелерінің аз екендігін көзі қарақты оқырман білетін де болар.

Табиғатының өзі адамды таңдай қақтырардай кереметке ие. Мамандар көл аумағының климатын күрт континентальдыға балайды. Мәселен, жазғы, көктемгі және күзгі мезгілдерде көлге түрлі су құймаларынан ағып келіп құйылған сулардың барлығы дерлік буланып, көлдің деңгейі 12 текше километрден 200 текше километрге дейінгі аралықта ауытқып отырады екен. Балқаш көліне суда тіршілік ететін жәндіктердің дені Іле суы арқылы келеді. Қалай болған күнде де Іле – балық шаруашылығында зор маңызға ие су қоймаларының бірі болып табылады ғой. Балқаш көлінің ихтиофаунасынан сазанды, амур балығын, шабақ балықтарды, қаяз балығын, шұбаржон балықты, ақбалық, ақмарқа, табан, жайын және басқа балық түрлерін көруге болады. Мамандардың дерегіне сенсек, Балқаштан жыл сайын сегіз-он мың тоннаға жуық балық ауланады екен. Оның ақбалығы мен алабұғасы Халықаралық Қызыл кітапқа да енген. Аралда жойылып кеткен арал қаязы мен шабақ балықтардың тұқымы Қазақстан көлдерінде тек осы Балқашта ғана сақталған дейді мамандар. Ал Балқаштың қамысты жағалауынан түрлі құстардың ұяларын көруге болады. Оның ішінде маусымдық көшікөң құстары да жетерлік. Таңқаларлығы, Балқашта ұя салған құстардың жиырмадан астам түрі сирек кездесетіндігіне байланысты Қазақстанның Қызыл кітабына еніп үлгерген. Дала тағыларынан қабандар, ондатралар, киіктер жиі көзге түседі. Ал көлдің оңтүстік беткейіндегі жағалауы мал үшін жайлы өріске, дақыл үшін құнарлы егіске айналған. Ал жан рахатына бөленіп, демаламын дегендер үшін таптырмас жұмақ орны. Сондықтан да болар, жыл сайын мұнда келуші отандық және шетелдік демалушылардың қатары бір толастаған емес.

Ал Балқаш көлін ерте замандарда жергілікті тұрғындардың Ақ теңіз және Жұмбақ көл деп атағандарын білуші ме едіңіз?! Ақ теңіз бұл көлдің батыс беткейінің тұрғындары берген атау болатын. Бұл батыс жағындағы судың тұщылығынан, оның мөлдір ақ түсті болуынан. Ал көлдің оңтүстік-шығысын қоныстанғандар көлдің өздерінің еншісіндегі бөлігін «Жұмбақ көл» деп атаған. Мұнда жерасты тұщы су қоймаларының көзі жоқ, сондықтан,

бұл бөліктегі су Лепсі, Аягөз өзендерінің есебінен ғана толығып отырады. Қазақтың қай жері болмасын, сыр тұнған аңыз әңгімелермен байланыстырылады емес пе?! Сол секілді Балқаш көлінің пайда болуына байланысты да ел ішінде түрлі аңыз әңгімелер көп. Ерте, ерте, ертеде, біздің заманымыздан мыңдаған ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауында мыңғырған малы бар бай өмір сүріпті. Өлгі байдың аңыз әңгімелерге сай, күн десе, көзі, ай десе, аузы бар сұлу қызы болыпты. Қыздың есімі Балқия болатын. Оны әке-шешесі ғана емес, күллі ауыл халқы еркелетіп Балқаш деп атайды екен. Бой жеткен Балқияға бесік құда болған бір бай сәлемдеме жеткізіп, оның әкесіне Балқияның келін болып, өз босағасын аттайтын мерзімі жеткенін ескертеді. Әрине, уәде Құдай аты, Балқияның әкесі де жерге қарап отырған адам емес, той қамына кірісіп кетеді. Сөйтсе, Балқияны айттырған жігіт көркіне көз тоймайтын сұлуның әсте де теңі емес, тілі сақау, өзі есер жігіт болып шығады. Мұны естіген Балқаш күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылады. Оның бұл күйзелістігі күйін көрген әке-шешесі, ауылдастары да мұңға батқанымен, уәдесінен тайқуға дәті шыдамаған әкесі ақ бағаны бұзуға болмайды деп қасарысады. Сөйтіп, қызының көңіл-күйін көтермекші болып, жастарға Балқия үшін күнде ойын-той, думан ұйымдастыруды бұйырады. Әйтсе де, бұған Балқия сұлу серпіле қоймайды. Уәделі уақыт тақаған шақта қыз не болса да, есерге тиеуге бел шешеді. Осылайша, ол ауылдағы өзімен көңіл қосқан Ерден деген жігітке жолығып, оған «мені алып, мына пәледен құтқара көр» деп жалынады. Жігіт бұл ауылға кірме болатын, сондықтан ол Балқияны алған күнде де, қайда барып паналаймын деп қиналады. Ақыры ер көңілді Ерден Балқияны алып қашады. Олар қалың қамысты көлге барып тығылып, сол жерде қысқа дейін бой тасалай тұруға ұйғарады. «Уақыты келгенде ары қарай Ұлы жүзге өтіп, сол жақты паналаймыз» дейді Ерден қалыңдығына.

Осылайша ғашық жандар тұн қараңғылығын жамылып, ауылдан қашып шығады. Әбден жол қиындығын тартып, қамысты көлге де жетеді. Осылайша, қамыстан күрке жасап, соны паналайды. Ерден күндіз аң аулап, соны талғажау етеді. Ақыры күн салқындап, көл бетіне мұз қата бастайды. Екі жастың күткені де осы болатын. Осылайша, бұл жалғыздықтан құтыламыз деп жүргендерінде бір күні түнде олардың арқандаулы аттарына бір қабан шабуылдайды. Ерден сойылын ала жүгіреді. Қабан соғудай тісімен жігітті түйреп өтеді. Арқаннан босаған аттар оскырынып қаша жөнеледі, қабан да сол аттардың соңынан кетеді. Ерден осыдан еңсе көтере алмайды. Балқия киіз тоқымды күйдіріп, жарасына басқанымен, қан тоқтамайды. Ал жарасы күннен-күнге өн бойын дендеп, іріңдеп кетеді. Ақыры Ерден жігіт осы дерттен көз жұмады. Жалғыз қалған Балқия Ерденді арулап көміп, өз тағдырына лағнет айтып, өзіне арнап оның жанынан ор қазады. Осылайша, содан кейін жар басына көтеріліп, жарық дүниемен қоштасады. Осы сәтті күтіп тұрғандай, жар басына бір топ атты сау етіп шыға келеді. Бұл қос қашқынды іздеп жүрген топ болатын. Оларды жазбай таныған Балқия қолға түскенше, ғашығымның соңынан өлгенім артық деп жар басынан суға секіріп кетеді. Осылайша, бұл көл кейін ел ішінде Балқаш деген атауға ие болады.

Тағы бір аңыз деректерінде Балқаш есімді бай туралы айтылады. Оның ақылына көркі сай Іле есімді қызы болады. Іле сұлу бойжеткен соң, оған құда түсушілердің, сөз салушылардың қатары көбейеді. Алайда, сұлу қыз олардың біріне де назар аударып қарамайды. Осы елде жарлы-жақыбайлардың сойылын соғып, оларға үнемі көмек қолын созып жүретін Қаратал есімді жігіт өмір сүреді. Балқаш бай сауын айтып, үлкен ас береді. Бәйгеге бәс тігіп, балуандарды шаршы алаңға шығарады. Балқаштың түпкі мақсаты ерке қызына күйеу таңдау болатын. Осы аста Іленің көзі сегіз қырлы, бір сырлы Қараталға түседі. Балқаш бай да қызының Қараталға ілтипат білдіргенінен оның емеуінен түсінеді. Алайда, қарасирақ Қараталды ол өз қызына қайдан тең көрсін. Қаратал да қызға өліп-өшіп ғашық болғанымен, байдың қызын бұған бере қоймасын анық түсінеді. Ақыры Іле ба-

тылы жетіп, әкесінен Қараталға тұрмысқа шығуға рұқсат беруін сұрайды. Ашуланған бай қызынан ол кедейдің атын атамауды талап етеді. Әкесінің көнбесін түсінген қыз сүйген жігітімен қашып шықпақшы болады. Ақыры екеуі түн ішінде ауылдан бой тасалап шығып, қашып та кетеді. Балқаш бай бұған көнбесін бе, дереу қуғыншы шығарады. Бұл қуғыншы топтың ішінде өзі де бар еді. Іле мен Қаратал қанша қара үздік дегендерімен, қуғыншылардан оңай құтылмастарын біледі. Сондықтан ақылды Іле әкесімен бір ауыз сөзге келмекші болып, оларды тосып алады. Сол уақытта Іле сүйіктісімен қолұстасып тұрып, әкесінен ең болмаса өлгеннен кейін ғашығынан айырмай, бірге жерлеуін өтінеді. Солай дейді де, екеуі биік құздан етекке секіріп кетеді... Жалғыз қызының ғашығы үшін мерт болғанын көрген Балқаш бай есінен танып қалады. «Тірімде жасаған қателігімнің жазасын өлген соң өтейін. Іле мен Қаратал менің екі сағам болсын» деп олардың өлі денелерінің ортасына жатып, өз-өзіне қанжар салады. Осылайша, Балқаш көлі Балқаш байдың көз жасынан пайда болады, ол өзінің сағасынан келіп құятын Іле мен Қараталдан толығып отырады.

Зерттеушілердің деректеріне зер салар болсақ, жалпы Балқаш көлін зерттеу ісі он жетінші ғасырдан бастап қолға алынғанын көреміз. Алайда, он үшінші ғасырларға тиесілі ежелгі жазбаларда Балқаш көлі де көрсетілді. Орыс тарихшысы Семен Ремезов 1695- жылы сызған Сібір жері картасында Балқаш көлін теңіз деп көрсетеді. 18-ғасырдың басында Балқаш көлінде геодезиялық өлшеу жұмыстары жүргізіле бастайды. Балқашты зерттеуге орыс ғалымдары ғана емес, сондай-ақ, шетелдік саяхатшылар да үлес қосады. Мұны олардың әр жылдарда қалдырған жолжазбаларынан көруге болады. Қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде де Балқаш көлі туралы деректер жиі кездеседі. Ал 1920-жылдары Балқаш көлі кешенді түрде зерттеліп, мұнда бірнеше рет экспедициялар ұйымдастырылады. Балқаш көлі негізінен қараша айының аяқ жағында ғана қата бастайды, содан мұз ерте көктемде, сәуір айының орта тұсында ериді. Көл бетіндегі мұздың қалыңдығы кей жерлерінде 150 сантиметрге дейін жететін кездері болған. Тау басындағы мұздықтар еріп, арна арқылы көл суын толықтырған уақыттарда су деңгейі көтеріліп отырады. Бұл әсіресе, маусым-шілде айларында аңғарылады. Көл Сарыесік түбегі арқылы екіге бөлініп жатыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, оның суының ащы және тұщыға бөлінуі осы түбек арқылы жүзеге асырылады. Батыс бөлігінің суы тұщы, сондықтан түсі сарғылт, лайлы болып келеді. Ал шығыс бөлігі тұзды болғандықтан, түсі де көгілдір, ашық түсті. Көлдің солтүстігіндегі Бергіс шыңағанының жағасында Балқаш қаласы мен мұндайлаиды. Осы қаланың оңтүстік батыс жағында 150 шақырым жерде біздің Приозерск қаламыз орналасқан. Жалпы Балқаш көлі Каспий теңізінен кейінгі ең тұзды су қоймасы болып есептеледі.

Осынау айдын көл жағасында орналасқан керемет қоныс Приозерск қаласы (тарихи атауы – Қоржынтүбек) бүгінде 15 мыңға жуық адамға құтты қоныс болып тұр. Бұл туралы да айтылып, жазылып жүр. Қаланы жайнатып-жақсарту, көгалдандыру, болашақта туризм саласы бойынша жан-жақты дамыту, инфрақұрылымын заманауиландыру жұмыстары соңғы екі жылда қарқынды жүргізілуде. Бұны қала тұрғындары әкім Сапар Сатаевтың қызметке келуімен байланыстыратыны да шындық. Сөздерінің жаны бар. Ол кісі келгелі бері бұдан бұрынғы оншақты жылда атқарылмаған істер, жасалмаған жұмыстар жүзеге асқанын тұрғындар көріп, біліп отыр. Осы қарқынды бәсеңдетпей, алға жылжуға қала халқы да үлес қосуға жұмылғаны дұрыс болар еді. Ғасырлардан сыр тартамын, аңызға айналған Балқаш көліміз бен қаламызды әлемге таныту, дүниеге жария ету, шетелдік туристерді тарту өз қолымызда екенін қаперден шығармайық, ағайын!

**Нұрғали КАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суретте: Балқаш көлінен көріністері.



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ**

«НА ИСПОЛНЕНИЕ МЕЧТЫ»,  
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»  
ОТ 20.04.23



“  
Молдир Тайлакова более шести лет назад нашла, как уверяет, любимое дело. Она стала лэшмейкером – мастером-стилистом, специализирующимся на наращивании ресниц. На первых порах Молдир вместе с еще несколькими мастерами из бьюти-сферы арендовала для своей деятельности коммерческое помещение в областном центре. Но тогда, признается девушка, более 60% от заработка уходило в счет оплаты аренды: «Я очень хотела приобрести собственное помещение под салон красоты, но у меня не было возможности. И тут увидела в социальных сетях новость о том, что Глава государства инициировал запуск отдельного механизма льготного микрокредитования молодых предпринимателей. Первым делом отправилась в офис финансовой компании «Агрокредитная корпорация», которая была определена оператором по предоставлению нового инструмента для молодежи, за консультацией. Там мне все разъяснили, дали перечень документов. Когда вышла оттуда, сомнений не осталось. «Надо пробовать», – вспоминает Молдир Тайлакова.

«КОМФОРТНАЯ ШКОЛА»,  
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»  
ОТ 20.04.23



“  
Состояние системы образования играет решающую роль в повышении потенциала нации. У казахского народа есть пословица: «Ел боламын десен, бесігінді түзе» – «Будущее страны формируется в колыбели младенца». Поэтому сфера дошкольного воспитания должна быть приоритетной. Об этом в своем Послании сказал Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев. Однако сегодня в Казахстане дошкольным образованием охвачено лишь чуть больше половины детей в возрасте от 2 до 6 лет. Подобная ситуация недопустима, считает Глава государства. Поэтому необходимо кардинально решить вопрос обеспеченности детскими садами. Для решения этих и других вопросов сферы образования в Карагандинской области запланирован ряд мероприятий, направленных на своевременное и качественное исполнение поручений, озвученных в Послании Президента. Как рассказал заместитель руководителя управления образования Карагандинской области Азамат Болкенбаев, в этом году в детских садах региона будет создано около двух тысяч мест. С 1 января уже открыто 1215 мест, до конца года планируется устроить в детсады еще 640 малышей. До 2025-го предусмотрено обеспечить дошкольным воспитанием еще 8606 детей.

**«ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ-ЖОЮ МІНДЕТ»**


Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды.

Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттыру, мекемелерде түсіндірме жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы жемқорлықпен күресу

болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік парызы деп білу керек. Біз қазір жанаша өмір сүріп жатырмыз. Бұл тұрғыда күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

2023 жылдың сәуір айының 17-жұлдызында кітапхананың оқу бөлімінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы аясында «Жемқорлық індет-жою міндет» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Аталған іс-шараға №1 орта мектебінің 8-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, жемқорлықтың орасан кесел екенін ұғынып, оның тереңнен құлаш жаймауына өз үлестерін қосулары керек екендерін ұғынды. Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас

жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру, саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, оқушылардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Оқушылар аталған дертке белсенде атсалысып, қарсы жұмылу қажет екендерін, ел мүддесі үшін зор үлес қосу азаматтық міндеті екендерін сезініп, қажетті мағлұматтар алды. Дөңгелек үстел ба-сында тақырып толықтай талқы-ланып, өз деңгейінде аяқталды.

«Приозерск қалалық кітапханасы»кжм  
Оқу бөлімінің кітапханашысы:  
Ерболған Жұлдыз  
Ерболғанқызы



## БОЛЕЕ 15 ТЫС. ЗАЯВОК ПО УСТАНОВЛЕНИЮ ИНВАЛИДНОСТИ РАССМОТРЕНЫ В ЗАОЧНОМ ФОРМАТЕ



В рамках реализации пилотного проекта по заочному формату проведения медико-социальной экспертизы для установления группы инвалидности по итогам 1 квартала 2023 года было рассмотрено 15,5 тыс. заявок со всех регионов Казахстана, что составляет 23,9% от общего количества лиц с инвалидностью, прошедших освидетельствование. На данный момент к проекту подключено более 700 медицинских организаций, сообщает Министерство труда и социальной защиты РК. В 2022 году было рассмотрено 57,1 тыс. заявок по заочному освидетельствованию, что составляет 22,7% от общего количества лиц с инвалидностью, прошедших освидетельствование.

Как сообщалось ранее, на VI заседании Национального совета общественного доверия Глава государства поручил создать максимально благоприятные условия для людей с особыми потребностями, исключить их хождение по инстанциям и бумажную волокиту, а также контакт услугодателей с услугополучателями.

В целях исполнения данного поручения Министерством труда

и социальной защиты населения РК совместно с министерствами здравоохранения и цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности во всех 20 регионах Казахстана в пилотном режиме реализуется проект по заочному формату проведения медико-социальной экспертизы (далее – МСЭ).

Для получения услуги по установлению группы инвалидности заявителю необходимо только обратиться в поликлинику по месту жительства и пройти необходимое обследование, остальные процессы проходят без его участия за счет интеграции информационных систем.

Переход на заочное освидетельствование:

- устраняет административные и бюрократические барьеры;
- обеспечивает прозрачность экспертных решений МСЭ;
- дает возможность получать услуги по установлению инвалидности и определению мер социальной защиты лиц с инвалидностью, не выходя из дома;
- исключает прямой контакт услугополучателя с услугодателем, тем самым минимизирует коррупционные риски.

ortcom.kz

## ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В СТРАНЕ ВЫРОС НА 37,8%

Объем производства легкой промышленности в стране вырос на 37,8%. Одним из новых финансовых инструментов является финансирование проектов легкой промышленности через АО «Фонд развития промышленности», путем предоставления займа с процентной ставкой 3%. Механизм направлен на стимулирование малого и среднего бизнеса и приоритет будет отдаваться предприятиям, осуществляющим производство товаров среднего и верхнего переделов, а также планирующим закуп сырья на отечественном рынке.

Займы могут получить предприятия, которые осуществляют следующие виды деятельности согласно Общему классификатору видов экономической деятельности:

- производство текстильных изделий (раздел 13 ОКЭД);
- производство одежды (раздел 14 ОКЭД);
- производство кожаной и относящейся к ней продукции (раздел 15 ОКЭД).

При этом, максимальная сумма финансирования на один проект составляет не более 5 млрд тенге.

Также, одним из условий финансирования является создание минимального количества рабочих мест по проекту при модернизации производства – не менее 30 человек, при создании нового производ-

ства – не менее 80 человек.

По последним данным, на сегодня в пуле инвестиционных проектов порядка 60 проектов легкой промышленности с созданием 10 тыс. рабочих мест, планируемых к реализации до 2025 года.

Следует отметить, что в январе-марте 2023 года в стране произведено продукции легкой промышленности на сумму 55,5 млрд тенге, что на 37,8% больше, чем в аналогичном периоде прошлого года. Кроме того, отмечается рост количества активных предприятий отрасли на 9% или 122 новых предприятия по сравнению с прошлым годом.

Рост объема производства легкой промышленности наблюдается во всех подотраслях: производство текстильных изделий на 57,6%, одежда на 11,7%, кожаная и относящаяся к ней продукция на 7,4%.

Лидеры среди казахстанских регионов по производству продукции легкой промышленности по сравнению с прошлым годом незначительно изменились: Туркестанская область (28,5%), г. Шымкент (16%), г. Алматы (8%), Акмолинская область (5,6%).

В легкой промышленности страны действуют 1445 предприятий, занято 22 тыс. человек.

ortcom.kz

### Мұрагерлік іс

27 қаңтар 2023 жылы Сағиндыков Омархан Сайхадамович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, А.Бокейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. тел 8-705-832-83-06

### Наследственное дело

После смерти Кенжебаева Эльдара Руслановича, умершего 21 ноября 2022 года, открыто наследственное дело. Имяющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск  
Ахметов Р.Б.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №16/42, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.